

Көкіректегілер ашыққа шығарылатын сәтте; (10) Ол күні Раббылары толық хабар алушы. (11)

### 101-ҚАРИҒА СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он бір аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Зор уақиға, (1) Ол, зор уақиға не нәрсе? (2) Ол зор уақиғаның не екенін білесің бе? (3) Ол күні адам баласы таралған паруанадай болады. (54-С. 7-А.) (4) Таулар түтілген жүндей болады. (5) Міне сонда біреудің таразысы ауыр тартса, (6) Онда ол, разы болатын бір тіршілікте болады. (7) Ал енді біреудің таразысы жеңіл тартса, (8) Онда оның орны "Һауя" болады. (9) Ол Һауяның не екенін білесің бе? (10) Ол, жалындаған от. (11)

### 102-ТӘКӘСҮР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Сегіз аят.



Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Сендерді көбейтуде бәсекелесу айналдырды. (63-С. 9-А.) (1) Тіпті қабырларыңа барғандарыңа дейін. (Өлгендеріңе дейін. Б.М.) (2) Жоқ олай емес. Тез білесіңдер. (3) Тағы олай емес. Жуырда білесіңдер. (4) Жоқ олай емес. Анық білген болсаңдар; (5) Әлбетте тозақты көресіңдер. (6) Сонан кейін әрине көзбен көресіңдер. (7) Сол күні, (дүниеде берілген) әр нығметтен әлбетте сұраққа тартыласыңдар. (8)